Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 21.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.07.2024, судья Искалиева А. С., 01.08.2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 21 маусым № 7119-24-00-2/7042 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Астана қаласы әкімдігінің «№ 42 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:

«SAQA GROUP» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нурмухаммед Жардембек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№ 42 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «SAQA GROUP» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нурмухаммед Жардембекті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «SAQA GROUP» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нурмухаммед Жардембек мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «SAQA GROUP» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нурмухаммед Жардембектен Астана қаласы әкімдігінің «№ 42 орта мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 1 201 (бір мың екі жүз бір) теңге 20 тиын тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер «SAQA GROUP» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нурмухаммед Жардембектен мемлекет пайдасына 1 882 (бір мың сегіз жүз сексен екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 21.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.07.2024, судья Искалиева А. С., 01.08.2024

7119-24-3-1/6415